

«Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ» КЕАҚ
Ғылыми кеңес отырысында
23. 05. 2025 ж. № 11 хаттамамен
БЕКІТІЛДІ

D071 – «Мемлекеттік және жергілікті басқару»
білім беру бағдарламалары тобына
докторантураға түсушілерге арналған
емтихан бағдарламасы

I. Жалпы ережелер

1. Бағдарлама «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығына (бұдан әрі – үлгілік қағидалар) сәйкес жасалды.

2. Докторантураға түсу емтиханы сұхбаттасудан, эссе жазудан және білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша емтиханнан тұрады.

Блогы	Балы
1. Сұхбаттасу	30
2. Эссе	20
3. Білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан	50
Барлығы/ өту ұпайы	100/75

3. Түсу емтиханының ұзақтығы – 3 сағат 10 минут, осы уақыт ішінде оқуға түсуші эссе жазады, электрондық емтихан билетіне жауап береді. Сұхбаттасу ЖОО қабылдау емтиханының алдында өткізіледі.

II. Түсу емтиханын өткізу тәртібі

1. D071 – «Мемлекеттік және жергілікті басқару» білім беру бағдарламалары тобына докторантураға түсушілер проблемалық / тақырыптық эссе жазады. Эссе көлемі – 250 сөзден кем болмауы керек.

Эссе мақсаты – теориялық білімге, әлеуметтік және жеке тәжірибеге негізделген өз аргументациясын құрастыру қабілетінде көрініс табатын аналитикалық және шығармашылық қабілеттер деңгейін анықтау.

Эссенің түрлері:

- зерттеу қызметіне ынталандырушы себептерді ашатын мотивациялық эссе;
- жоспарланған зерттеудің өзектілігі мен әдістемесін негіздейтін ғылыми-аналитикалық эссе;
- пәндік саладағы ғылыми білімнің әртүрлі аспектілерін көрсететін проблемалық/тақырыптық эссе.

2. Электрондық емтихан билеті 3 сұрақтан тұрады.

**Білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтиханға
дайындалуға арналған тақырыптар:**

«МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ ТЕОРИЯСЫ МЕН ТӘЖІРИБЕСІ» пәні

Тақырып 1. Мемлекеттік басқару мазмұны

Мемлекеттік басқару саясаты мен мақсаттары. Мемлекет әлеуметтік басқарудың жетекші субъектісі ретінде. Мемлекеттік басқарудың теориялық және практикалық бағыты. Мемлекеттік басқару мақсаттарын әзірлеудің қоғамдық көздері. Мемлекеттік басқару мақсаттарын бекітудің құқықтық нысаны. Мемлекеттік басқару мақсаттарын бекітудің құқықтық нысаны. Мемлекеттік басқару функцияларының ерекшелігі мен жіктелуі. Мемлекеттік органдардың функциялары.

Билік басқарудың белгісі ретінде. Мемлекеттік басқарудың негізгі белгілері. Мемлекеттік басқару тетігі.

Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқаруды дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы: "Ең алдымен адамдар" - "адамға бағдарланған" моделін қалыптастыру.

Тақырып 2. Мемлекеттік басқарудағы жауапкершілік

Қоғамдық қатынастарды реттеуші құқықтық заңдар. Әлеуметтік басқару, басқару мен реттеуді күшейту, басқару мен билік орталықтарын бөліп орналастыру, мемлекеттік басқару жүйелілігі.

Мемлекеттік басқарудағы саяси құқық және бостандық түсінігі, мәні және ерекшелігі. Мемлекеттік шешімдерді жүзеге асыру шарты ретіндегі мемлекеттік басқарудағы жауапкершілік.

«Жауапкершілік» және «міндеттілік» түсінігі, мемлекеттік басқару жүйесіндегі өзара байланысты түсінік ретінде. Міндеттілік, мемлекеттік қызметшінің міндеттері мен құқықтары. Мемлекеттік басқарудағы дербес жауапкершілік. Министрлердің өкілеттігі мен жауапкершілігі, олардың есептілігі және олардың қызметін стратегиялық бақылау .

Тақырып 3. Мемлекеттік басқарудағы жауапкершілік

Қоғамдық қатынастарды реттеуші құқықтық заңдар. Әлеуметтік басқару, басқару мен реттеуді күшейту, басқару мен билік орталықтарын бөліп орналастыру, мемлекеттік басқару жүйелілігі, мемлекеттік басқарудың дамуы қоғамдық өмір дамуының объективті заңдылығы ретінде.

Мемлекеттік басқарудағы саяси құқық және бостандық түсінігі, мәні және ерекшелігі. Мемлекеттік шешімдерді жүзеге асыру шарты ретіндегі мемлекеттік басқарудағы жауапкершілік.

«Жауапкершілік» және «міндеттілік» түсінігі, мемлекеттік басқару жүйесіндегі өзара байланысты түсінік ретінде. Міндеттілік, мемлекеттік қызметшінің міндеттері мен құқықтары. Мемлекеттік басқарудағы дербес

жауапкершілік. Басқарудағы дербес жауапкершіліктің сипаттамасы, оның түрлері мен құқықтық жүйедегі орны. Мемлекеттік функцияларды орындауға өкілеттік берілген тұлғалардың жауапкершілігі.

Министрлердің өкілеттігі мен жауапкершілігі, олардың есептілігі және олардың қызметін стратегиялық бақылау .

Тақырып 4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат және мемлекеттік басқару мақсаттары

Сыбайлас жемқорлықпен күрес құралдары. Сыбайлас жемқорлықпен күресудің алдын-алу (жұмсақ) және реакциялық (қатаң) әдістері. Оқыту, персоналды саясат, ұйымдастырушылық-мәдени дамыту сыбайлас жемқорлықпен күресудің жұмсақ әдістері. Сыбайлас жемқорлықпен байланысты құқық бұзушылық субъектілері. Сыбайлас жемқорлықпен күрестің негізгі қағидалары.

Мемлекеттік басқару субъектілерінің ұйымдастырушылық-нұсқаулық қызметі ретіндегі көтермелеу шаралары мен тәртіптік жазаларда көрінетін ұжымды жалпы басқару, кадрларды іріктеу және орналастыру, бағынушыларды ұйымдастыру және бақылау, тәртіп орнату.

Мемлекеттік басқару субъектілерінің әкімшілік-шаруашылық қызметі ретіндегі мүлікті басқару мен иеленудегі материалдық жауапкершілік.

ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» туралы Заңы және оның мазмұны. Заңның негізгі мақсаттары.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР заңы, оның мазмұны. Заң мақсаттары.

Тақырып 5. Мемлекеттік саясатты қалыптастыру және жүзеге асыру

Мемлекеттік саясат қоғамдық маңызды мәселелерді шешу мен қоғамның тұрақты дамуының позитивті мақсаттарына жету және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік басқару органдарының мақсатты бағытталған қызметі ретінде. Мемлекеттік саясат құрылымы мемлекеттік басқарудың міндеттері мен мақсаттарын жүзеге асыру бойынша қызмет ретінде. Мемлекеттік мүдделер және ұлттық қауіпсіздік.

Мемлекеттік саясатты жіктеу мәселесі және оның жүйелік сипаттамалары. Мемлекеттік басқарудың жалпы, ішкі және сыртқы айқындаушы факторлары және олардың мемлекеттік саясатқа әсері.

Мемлекеттік саясаттың конституциялық негіздері мен құқықтық базасы.

Саясаттың басым бағыттарын анықтау. Мемлекеттік саясатты жүзеге асыру механизмі. Мемлекеттік саясатты жүзеге асыруға қатысатын басқару органдары. Мемлекеттік саясат түрлері мен бағыттары.

Тақырып 6. Мемлекеттік басқару жүйесіндегі шешімдерді әзірлеу және қабылдау

Мемлекеттік шешім ғылыми түсінік ретінде. Саяси және әкімшілік мемлекеттік шешімдер. Мемлекеттік шешім сипаттамалары: бедел, ауқым (диапазон), ақпаратпен қамтамасыз етілу, технология және стиль, түрлері, тәжірибелік маңыздылығы. Мемлекеттік шешімдердің тиімділігін бағалау.

Қазақстан Республикасындағы нормативті құқықтық актілер түсінігі мен жіктемесі. Негізгі және туынды нормативті құқықтық актілер. Заңдық және заңнан туындаған актілер. Регламент, ереже, нұсқау нормативті құқықтық актілердің туынды түрлері ретінде.

Нормативті құқықтық актілердің жобаларының жоспарлануы, дайындалуы, келісілуі. Нормативті құқықтық актілердің өзіндік ерекшеліктері. Қазақстан Республикасындағы нормативті құқықтық актілері мәтінінің баяндалу стилі, құрылымы, реквизиттері. Нормативті құқықтық актілердің қабылдану және жариялану тәртібі. Нормативті құқықтық актілердің уақыт, кеңістік және тұлғалар бойынша әрекет етуі. Нормативті құқықтық актілердің орталық және атқарушы органдарда мемлекеттік тіркелуі.

Тақырып 7. Басқарушылық қызмет және оның кезеңдері

Әкімшілік процедуралар. Басқарушылық үрдістің негізгі кезеңдері. Жеке құқықтық актілер. Басқарушылық қатынастар және оның түрлері. Мемлекеттік органдар мен азаматтар арасындағы қатынастар. Мемлекеттік органдар мен бағынышты объектілер арасындағы қатынастар. Мемлекеттік органдар мен бағынышты емес объектілер арасындағы қатынастар, мемлекеттік органдардағы аппарат ішіндегі қатынастар, сала ішіндегі қатынастар, сала аралық қатынастар.

Басқарушылық қатынастарды құқықтық реттеу. Басқарушылық үрдістерді орталықтандырылған және орталықсыздандырылған түрде реттеу. Өктемді (императивті), рұқсат етілген, ұсынбалы құқықтық нормалар. Басқарушылық қатынастардың пайда болу, өзгеру және жойылу негіздері. Құқықтық қолданбалы актілер, құқықтық шарттар.

Тақырып 8. Мемлекеттік басқарудағы орталықсыздандыру және Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқарудың дамуы

Мемлекеттік басқарудың орталықтандырылуы мен орталықсыздандырылу мәселесі. Мемлекеттік басқаруды орталықсыздандыру үдерісі мен түрлері. Биліктің шоғырлануы.

Орталық және жергілікті билік өкілеттіктері бөлінуінің концептуалды моделі. Министрліктер ішінде, орталықтан аймақтарға және мемлекеттен жеке секторға орталықсыздандыру. Қазақстан Республикасында жүргізілген әкімдерді сайлау нәтижелері. ҚР «Жергілікті мемлекеттік басқару мен өзін-өзі басқару туралы» Заңының негізгі ережелері. Жергілікті маңызы бар мәселелерді шешуге халықтың қатысуын қамтамасыз ету. Жергілікті өзін-өзі басқаруға халықтың қатысу нысандары. Жергілікті өзін-өзі басқару қызметін мемлекеттік реттеудің қағидалары мен нысандары. Жергілікті өзін-өзі басқаруды мемлекеттік қолдау.

Тақырып 9. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік қызметтің жаңа моделінің тұжырымдамасы

ҚР мемлекеттік қызметінің міндеттері мен функциялары.

Мемлекеттік қызмет жүйесін кәсібилендірудің негізі ретінде меритократия, тиімділік, нәтижелілік, транспаренттілік және қоғамға есеп беру қағидаттары.

Мемлекеттік қызметке кіру және тоқтату процестері. Мемлекеттік қызметшілерді ынталандыру. Мемлекеттік қызметшілердің этикасы мен имиджі.

Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік қызметті басқару. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік қызметтің жаңа моделінің мақсаттары мен міндеттері. ҚР «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңы.

Тақырып 10. Қазақстан Республикасының экономикасын мемлекеттік реттеу

Макроэкономикалық реттеудің негізгі мақсаттары экономикалық өсуді, экономикалық тұрақтылықты және әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз ету ретінде. Экономиканы мемлекеттік реттеу әдістері. Бизнесті қолдау. Кәсіпкерлікті қолдау мақсатында институционалдық және құрылымдық реформаларды жүргізу үшін жағдайлар жасау. Импортты алмастыру саясаты. Өнеркәсіптің дамуын мемлекеттік реттеу. Агроөнеркәсіптік кешенді мемлекеттік реттеу. Ақша-кредит реттеу құралдары. Ашық нарықтағы операциялар. Қазақстан Республикасының экономикасын цифрландыру.

III. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

(Мемлекеттік басқару теориясы мен тәжірибесі)

Негізгі:

1. Конституция Республики Казахстан. 30 августа 1995 года (с изменениями и дополнениями 23.03.2019 г.)
2. Шемяков А. Д. Основы государственного и муниципального управления: учебное пособие / А. Д. Шемяков. – Донецк : ДонГУУ, 2016. – 505 с.
3. Балашов А. И. История и методология науки государственного и муниципального управления : учебник / А. И. Балашов, Е. В. Ушаков. - М. : ИНФРА-М, 2020. - 323с.
4. Понкин, И. В. Теория государственного управления : учебник / И.В. Понкин ; предисл. А.Б. Зеленцова. — Москва : ИНФРА-М, 2020. — 529 с. — (Высшее образование: Магистратура).
5. Современные теории и механизмы управления: учеб.-метод. пособ. для магистрантов направления подготовки 38.04.04 «Государственное и муниципальное управление» / Э.В. Сердюков; ГОУ ВПО ЛНР. - Луганск: Изд-во «Книта», 2019. – 251 с.
6. Атаманчук Г.В. Теория государственного управления: учеб. / Григорий Васильевич Атаманчук.- Изд. 2-е, стер.- М.: Омега-Л, 2011.- 525 с.- (Унив. учеб.).
7. Сансызбаева Г.Н., Мухтарова К.С., Аширбекова Л.Ж. Теория государственного управления. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 317 с.

Қосымша:

1. Мухтарова К.С., Сансызбаева Г.Н., Смагулова Г.С. Қазақстан республикасында мемлекеттік қызметті ұйымдастыру. Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 196 б.
2. Уваров В.Н. Государственная служба и управление: Учебник. – Петропавловск: Сев. Каз. юрид. Академия, 2004. – 416 с.
3. Наумов С.Ю. Теория государственного муниципального управления: учеб. пособие / Сергей Юрьевич Наумов, Светлана Владимировна Сергушко,

Анна Александровна Подсумкова.- М.: Форум, 2011.- 319 с.- (Проф. образование).

4. Зеркин Д.П., Игнатов В.Г. Основы теории государственного управления: Курс лекций. – Москва: ИКЦ «МарТ»; Ростов н/Дону: издательский центр «МарТ», 2011. – 544 с.

5. О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан. Закон Республики Казахстан от 23 января 2001 года N 148.

6. Есимова Ш.А. Экономическая эффективность системы государственного управления Республики Казахстан: теория, методология, практика.- Туркестан, 2010.

7. Закон РК «О государственной службе» от 23 ноября 2015 года № 416-V ЗРК (с изменениями и дополнениями по состоянию на 24.05.2021 г.)

8. Закон РК «О противодействии коррупции» от 18 ноября 2015 года № 410-V ЗРК.

«МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУДАҒЫ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРЛАУ ЖӘНЕ БЮДЖЕТТІК ПРОЦЕСТЕР» пәні

Тақырып 1: Мемлекеттік басқарудағы стратегиялық жоспарлаудың түсінігі, мәні және қажеттілігі

Экономиканы мемлекеттік басқарудың мәні мен мазмұны. Экономиканы мемлекеттік басқарудың мақсаттары, міндеттері және функциялары. Жоспарлау мен болжаудың ғылыми негіздері. Экономикада жоспарлау мен болжау қажеттілігі.

Тақырып 2: Стратегиялық жоспарлау мемлекеттік органдардың басқару қызметінің түрі ретінде.

Болжау және жоспарлау мемлекеттің функциялары ретінде. Мемлекеттік басқарудағы жоспар түрлері. Орталық жоспарлау және нарықтық тұжырымдаманың мәні. Қазақстанның Ұлттық экономика министрлігінің негізгі міндеттері. Мемлекеттік басқару тиімділігін арттыруда индикативті жоспарлаудың мәні мен рөлі. Стратегиялық жоспарлаудың принциптері.

Тақырып 3: Мемлекеттік бюджет, оны болжау және жоспарлау.

Мемлекеттік жоспарлаудың жаңа жүйесі - бюджеттік процестің негізі. Мемлекеттік бюджет - елдің негізгі қаржылық жоспары. Мемлекеттік баланс тұжырымдамасы. Бюджет тапшылығы және оны жабу көздері. Мемлекеттік бюджеттің кірістерін болжау. Қазақстанның Ұлттық қоры: құру мақсаттары мен функциялары.

Тақырып 4: Мемлекеттік бағдарламалардың құрылымы, әзірлеу және жүзеге асыру ережелері. Мемлекеттік бағдарламаларды әзірлеу және іске асыру ережелері. Мемлекеттік бағдарламаларға қойылатын негізгі талаптар. Мемлекеттік бағдарламаның құрылымы. Мемлекеттік бағдарламаларды әзірлеу, бекіту, бақылау және іске асырылуын бағалау тәртібі.

Тақырып 5: SWOT талдау стратегиялық жоспарлау құралы ретінде.

SWOT талдаудың мақсаты мен негізгі міндеттері. SWOT талдаудың пайдалану сферасы. SWOT талдау матрицасы. SWOT талдау технологиясы. SWOT талдау ережелері.

Тақырып 6: Мемлекеттік стратегиялық жоспарлау және болжау жүйесі - мемлекет қызметінің ұзақ мерзімді басымдықтарын қалыптастыру құралы.

Қазақстанның мемлекеттік жоспарлау жүйесі. Қазақстан Республикасының стратегиялық даму жоспары. Қазақстанның мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттары. Қазақстанның 2050 жылға дейінгі даму стратегиясы. Стратегия 2030 және Стратегия 2050: өзара байланыс және сабақтастық.

Тақырып 7: Мемлекеттік басқару жүйесіндегі демографиялық болжам. Демографиялық болжамдар жасау. Демографиялық болжамдардың ең маңызды болжамды көрсеткіштері. Демографиялық баланс. Демографиялық болжамдарды жасау процесі мен кезеңдері. Демографиялық даму факторларының классификациясы.

Тақырып 8: Мемлекеттік органдардың қызметіндегі макроэкономикалық жоспарларды құру әдістемесі мен әдістері. Жоспарларды құру әдістері. Сараптамалық бағалау әдістері. Жоспарлаудағы баланстық әдісі. Нормативтік жоспарлау әдісі. Экстраполяция және модельдеу әдістері. Мақсатты бағдарламаланған әдістер және оларды қолдану ерекшеліктері.

Тақырып 9: Ұлттық экономиканың әлеуметтік саласын стратегиялық жоспарлау және дамыту басымдықтары. Стратегиялық жоспарлаудың халықтың өмір сүру сапасы мен деңгейін арттырудағы рөлі. Әлеуметтік саладағы болжамдардың ерекшеліктері. Әлеуметтік дамудың болжам жүйесі. Өмір деңгейіне әсер ететін факторлардың жіктелуі.

Тақырып 10: Қазақстандағы мемлекеттік стратегиялық жоспарлау және болжау жүйелерінің даму болашағы. Стратегиялық жоспарлау - мемлекеттік басқарудың тиімді құралы. Нәтижеге негізделген мемлекеттік жоспарлау жүйесін енгізу тұжырымдамасы. Мемлекеттік жоспарлау жүйесіндегі өзгерістердің негізгі міндеттері. Мемлекеттік жоспарлау жүйесін жетілдіру тұжырымдамасы.

III. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

(Мемлекеттік басқарудағы стратегиялық жоспарлау мен бюджеттік процестер)

Негізгі:

1. Крутиков В.К., Дорожкина Т.В., Зайцев Ю.В., Федорова О.В. Макро-экономическое планирование и прогнозирование. Учебно-методическое пособие. Калуга: Издательство «Эйдос».2014. – 112 с.

2.Абдильдина З.А. Система государственного планирования в Республике Казахстан.-Астата, 2010

3. Аналитический доклад. «Анализ систем стратегического планирования и прогнозирования Республики Беларусь, Республики Казахстан и Российской Федерации».-М.,2014

4. Стратегическое планирование: учеб. пособие / М. Н. Руденко, Е. Д. Оборина, Д. Н. Письменников; Перм. гос. нац. исслед. ун-т. – Пермь, 2014.– 96с.

5. Макроэкономическое планирование и прогнозирование : учебник / А.Н. Сёмин, Ю.В. Лысенко, М.В. Лысенко, Э.Х. Таипова. — Москва : КНОРУС, 2018. — 308 с.

6. Яркова, Т.М. Макроэкономическое планирование и прогнозирование : учебное пособие / Т.М.Яркова; М-во с.-х. РФ; федеральное гос. бюджетное образов. учреждение высшего образов. «Пермский гос. аграрно-технолог. ун-т им. акад. Д.Н.Прянишникова».— Пермь : ИПЦ «Прокрость», 2018. – 292 с.

7. Кузнецов Ю.В. Государственное стратегическое управление. Монография. - М.: Питер, 2014. - 205 с.

8. Есипова О.В . Макроэкономическое планирование и прогнозирование: учеб. пособие / О.В. Есипова. – Самара: Изд-во Самарского университета, 2018. – 72 с.

Қосымша:

1. Омирбаев С.М., Интыкбаева С.Ж., Адамбекова А.А., Парманова Р.С.- Государственный бюджет.-Алматы, 2011

2. Прогнозирование и планирование деятельности предприятия: учебное пособие / сост.: Ж.Н. Моисеенко ; Донской ГАУ. – Персиановский : Донской ГАУ, 2019. – 154 с.

3. О Концепции формирования и использования средств Национального фонда Республики Казахстан. Указ Президента Республики Казахстан от 8 декабря 2016 года № 385

4. Казахстан – 2030. Процветание, безопасность и улучшение благосостояния всех казахстанцев. Послание Президента страны народу Казахстана 1997 года. <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K970002030>

5. Стратегия "Казахстан-2050": новый политический курс состоявшегося государства. Послание Президента Республики Казахстан - Лидера Нации Н.А. Назарбаева народу Казахстана, г. Астана, 14 декабря 2012 года. <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K1200002050>

«ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ЖОСПАРЛАУ» пәні

Тақырып 1: Ғылыми зерттеулердің жіктелуі.

Ғылыми білімнің теориялық және эмпирикалық негізінің айрықша белгілері. Логикалық схема және ғылыми зерттеу кезеңдері. Фундаменталдық, қолданбалы және зерттеушілік зерттеулер.

Тақырып 2: Ғылым және ғылыми зерттеулер.

Ғылым адам қызметінің саласы ретінде. Ғылымның мақсаты - объективті әлемді білу. Ғылымның өндіргіш күшке айналуына әсер ететін факторлар. Ғылымның адамзаттың дамуына әсері.

Тақырып 3: Гипотеза мен зерттеу тұжырымдамасын құру.

Ғылыми проблеманың түсінігі және оны тұжырымдау. Зерттеу тақырыбын таңдау. Ғылыми зерттеуге арналған гипотезаны тұжырымдау. Ғылыми зерттеу тақырыбының өзектілігі мен жаңалығы. Зерттеудің мақсаты мен міндеттерін анықтау.

Тақырып 4: Теориялық білім. Ғылыми зерттеу әдістері.

Таным деңгейлері: теориялық және эмпирикалық. Анализ және синтез. Салыстыру. Абстракция және конкретизация. Жалпылау және формализациялау. Индукция және дедукция. Идеалдау. Аналогия. Модельдеу. Ой эксперименті.

Тақырып 5: Эмпирикалық білім. Ғылыми зерттеу әдістері.

Ғылыми білімнің эмпирикалық негізі. Бақылау - эмпирикалық білімнің негізі. Бақылау түрлері. Эксперимент зерттеу әдісі ретінде. Модельдеу - ғылыми білімнің әдісі.

Тақырып 6: Плагиат. Зерттеушінің этикалық принциптері.

«Плагиат» терминінің мазмұны және оның пайда болу себептері. Ғылым этикасының негізгі принциптері мен нормалары. Этикалық қағидаларды ғылыми қызметте қолдану. Плагиат және оны іздеу құралдары.

Тақырып 7: Ақпараттың құжаттық көздері. Анықтамалық-ақпараттық қызметті ұйымдастыру.

Ғылыми ақпарат көздері. Анықтамалық-библиографиялық қызмет. Библиографиялық сілтемелері. Зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми ақпаратты іздеу жүйесі. Каталогтармен және картотекалармен жұмыс істеудің артықшылықтары.

Тақырып 8: Жүйелік көзқарас: әдіснамасы, ерекшеліктері мен артықшылықтары.

Ғылыми зерттеулердегі жүйелік көзқарас әдіснамасы. Жүйелік тәсілдің пайда болуының алғышарттары. Жүйелік талдау. Күрделі жүйелердің сипаттамалық ерекшеліктері. Ашық және жабық жүйелер. Жүйелі тәсілдің артықшылықтары.

Тақырып 9: Ғылыми зерттеулерді модельдеу әдісі.

Модель түсінігі. Модельдеу әдісінің артықшылықтары. Модельдердің классификациясы. Модельдеуге қойылатын негізгі талаптар. Модельдеу кезеңдері. Модельдеу материалдық объектілердің қасиеттерін бейнелеу құралы ретінде. Экстраполяция зерттеу әдісі ретінде.

Тақырып 10: Ғылыми зерттеу нәтижелерін енгізу және тексеру.

Ғылыми зерттеу нәтижелерін коммерциализациялау. Зерттеу нәтижелерін енгізу формалары. Апробация - зерттеу нәтижелерінің ақиқаттығының шарты. Ғылыми мақала жазу. Баяндаманың тезистерін дайындау.

III. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

(Ғылыми зерттеуді ұйымдастыру және жоспарлау)

Негізгі:

1. Бурда А. Г. Основы научно-исследовательской деятельности : учеб. пособие (курс лекций) / А. Г. Бурда; Кубан. гос. аграр. ун-т. – Краснодар, 2015. – 145 с.
2. Пономарев А.Б. Методология научных исследований: учеб. пособие / А.Б. Пономарев, Э.А. Пикулева. – Пермь: Изд-во Перм. нац. исслед. политехн. ун-та, 2014. – 186 с.
3. Огурцов А.Н., Близнюк О.Н. Научные исследования и научная информация.- Харьков, НТУ «ХПИ», 2011.-400с.
4. Кошурников А.Ф. Основы научных исследований: учебное пособие./ Мин-во с.-х. РФ, федеральное гос. бюджетное образов. учреждение высшего проф. образов. «Пермская гос. с.-х. акад. им. акад. Д.Н. Прянишникова». – Пермь: ИПЦ «Прокрость», 2014. –317 с.
5. Меледина Т.В., Данина М.М. Методы планирования и обработки результатов научных исследований: Учеб. пособие. – СПб.: НИУ ИТМО; ИХиБТ, 2015. – 110 с.
6. Методология научных исследований : методические рекомендации / сост. Т.М. Яркова; М-во с.-х. РФ, федеральное гос. бюджетное образов. учреждение высшего образования «Пермский гос. аграрно-технолог. уни-верситет им. акад. Д.Н. Прянишникова», каф организации производства и предпринимательства в АПК. – Пермь: ИПЦ «Прокрость», 2018. –63 с.
7. Севриков В.В. Методология и организация научных исследований. Минск: Мисанта, 2011. - 333 с.
8. Организация и планирование научных исследований : учеб. пособие для обучающихся в магистратуре / КазНУ им. аль-Фараби ; [И. Э. Сулейменов, О. А. Габриелян, В. В. Буряк и др.]. - Алматы : Қазақ ун-ті, 2018. - 335 с.
9. Цеховой А.Ф. Организация научно-исследовательской и инновационной деятельности : учеб. пособие: для магистрантов спец. 6М051800 - Управление проектами / А. Ф. Цеховой, М. А. Карлинская. - Алматы : ССК, 2017. - 134 с.

Қосымша:

1. Основы научных исследований : учеб. пособие / [А. А. Бубенчиков и др.] ; Минобрнауки России, ОмГТУ. – Омск : Изд-во ОмГТУ, 2019.-158с.
2. Методология и организация научных исследований: магистерская диссертация (направление подготовки 38.04.02 «Менеджмент») : учебно-методическое пособие / Р. Р. Тимиргалеева, М. А. Шостак, В. А. Столяренко, М. В. Матюнина. – Майкоп: ЭлИТ, 2016.-216с
3. Методология и методы научных исследований в экономике и менеджменте : пособие для вузов / Завьялова Н.Б., Головина А.Н., Завьялов Д.В., Дьяконова Л.П., Мельников М.С. и др.; под ред. Н. Б. Завьяловой, А.Н. Головиной – Москва- Екатеринбург:, 2014. – 282 с.
4. Организация научных исследований: Конспект лекций / А.Н. Сутягин – Рыбинск: РГАТУ, 2015. – 51 с.

«МЕМЛЕКЕТТІК ЖӘНЕ ЖЕРГІЛІКТІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ИННОВАЦИЯЛАР» пәні

Тақырып 1. Мемлекеттік және жергілікті басқарудағы инновациялық парадигма.

Мемлекеттік және жергілікті басқарудағы инновациялық парадигманың мәні. Инновация экономикасының негізгі түсініктері. Инновациялық үдерістің объектісі ретінде Қазақстанның инновациялық дамуының ерекшеліктері. Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру бойынша әкімшілік реформа жүргізудің негізі ретінде мемлекеттік басқару саласында инновацияларды енгізу.

Тақырып 2. Мемлекеттік және жергілікті басқару жүйесінде кешенді басқару инновацияларын қолдану мәселелері.

Мемлекеттік және жергілікті басқаруда менеджменттің жаңа технологияларын қолдану. Мемлекеттік және жергілікті басқару жүйесіне инновациялық басқару технологияларын енгізу мәселелері. Бенчмаркингті мемлекеттік және жергілікті басқару жүйесінде пайдалану. NPM-қоғамды басқарудың жаңа моделі, негізгі идеялар мен ережелер.

Тақырып 3. Мемлекеттік және жергілікті басқарудағы инновациялық технологиялар

Инновацияны басқару мақсатын анықтау. Инновацияны басқару стратегиясын тандау. Инновацияны басқару әдістерін анықтау. Инновацияны басқару бағдарламасын әзірлеу. Бағдарламаны орындау бойынша жұмыстарды ұйымдастыру. Белгіленген бағдарламаның орындалуын бақылау. Инновацияны басқару әдістерінің тиімділігін талдау және бағалау. Инновацияны басқару әдістерін түзету.

Тақырып 4. Бағдарламалық-нысаналы тәсілді қолдануға негізделген мемлекеттік басқарудың инновациялық технологиялары

Мемлекеттік және жергілікті басқарудағы бағдарламалық-нысаналы басқару. Мемлекеттік басқарудағы жобалық менеджментті дамыту. Франчайзингті мемлекеттік және жергілікті басқаруда пайдалану. Фандрайзингтің қоғамдық-мемлекеттік серіктестік құралы ретіндегі ерекшеліктері.

Тақырып 5. Мемлекеттік және жергілікті басқару жүйесіндегі маркетингтің технологиялары мен әдістері

Аумақтық маркетингтің әдіснамалық және тарихи аспектілері. Қазіргі жағдайда аумақтың брендингін жүзеге асырудың ерекшеліктері. Аумақтарды дамытудың маркетингтік жоспарын әзірлеу және іске асыру.

Тақырып 6. Мемлекеттік басқаруды цифрландыру.

ҚР мемлекеттік басқаруды цифрландыру хронологиясы. Цифрландырудың жаһандық трендтері және халықаралық тәжірибе. Мемлекеттік органдардың қызметін цифрландыру: ақпараттық қоғам тұжырымдамасы, электрондық үкімет, Ашық үкімет.

Тақырып 7. Мемлекеттік және жергілікті басқарудағы жобалық менеджмент

Мемлекеттік және жергілікті басқарудағы жобалық менеджмент. ҚР Мемлекеттік қызметіне жобалық басқаруды енгізу. Жобалық менеджмент және мемлекеттік сектор. Мемлекеттік және жергілікті басқарудағы жобалық менеджментті цифрландыру.

III. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

(Мемлекеттік және жергілікті басқару жүйесіндегі инновациялар)

Негізгі:

1. Инновационный Казахстан. монография / Г. М. Мутанов, Р. К. Сагиева, А. С. Жупарова и др. ; КазНУ им. аль-Фараби. - Алматы : Қазақ ун-ті, 2015. – 149с.
2. Бурлаков Л. Н. Государственное и местное управление : учеб. пособие / Л. Н. Бурлаков, М. К. Жамкеева, М. У. Уажанов. - Алматы : ТехноЭрудит, 2019. – 336с.
3. Мухтарова К.С. Инновационные механизмы модернизации системы государственного местного управления и самоуправления в Республике Казахстан. монография / [ред. Г. С. Бекбердиева] ; КазНУ им. аль-Фараби. - Алматы : Қазақ ун-ті, 2017. – 74с.
4. Мемлекеттік және жергілікті басқару жүйесіндегі инновациялар. Аширбекова Л.Ж., Смагулова Г.С., Есенжигитова Р.Г.Оқу құралы. Алматы, Қазақ Университеті, 2020 ж. – 172 б.
5. К.С. Мухтарова, А.Т.Мылтыкбаева, Л.Ж.Аширбекова. Государственное и местное управление. Учебное пособие. Қазақ университеті. 2018 г.-126 с.

Қосымша:

1. Инновации в государственном и муниципальном управлении. : учебное пособие / И. В. Новикова, С. В. Недвижай, И. П. Савченко, О. А. Мухорьянова, С. Б. Рудич. – Ставрополь: Изд-во СКФУ, 2016. – 284 с.
2. Г. Н. Сансызбаева, К. С. Мухтарова, Л. Ж. Аширбекова. Теория государственного управления: учебное пособие /; Казахский Национальный Университет имени аль-Фараби. - Алматы: Қазақ университеті, 2015. - 318 с.
3. Наумов, С.Ю. Теория государственного муниципального управления: учеб. пособие / Сергей Юрьевич Наумов, Светлана Владимировна Сергушко, Анна Александровна Подсумкова.- М.: Форум, 2011.- 319 с.- (Проф. образование).

«МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАР МЕН ЖОБАЛАРДЫ БАСҚАРУ» пәні

Тақырып 1: Мемлекеттік басқару жүйесіндегі жобалық-мақсаттық тәсіл

Нәтижеге бағдарланған бюджеттеу тұжырымдамасы мен модельдері. Бағдарламалық-жобалық тәсілді Қазақстан Республикасында және шетелде қолдану. Бағдарламалық-мақсаттық тәсілге негізделген бюджеттік жоспарлау

әдісі. Мемлекеттік жобалар мен бағдарламалар. Әр түрлі критерийлерге негізделген жобалар мен бағдарламалардың жіктелуі.

Тақырып 2: Мемлекеттік бағдарламаларды әзірлеу мен іске асырудың әдістемелік негіздері.

Мемлекеттік бағдарламалар: мәні, қалыптасу принциптері. Мемлекеттік бағдарламаны әзірлеу тәртібі. Критерийлер бағдарламалардың тиімділігін бағалау өлшемі ретінде. Мемлекеттік бағдарламаның құрылымы және ұсынылған материалдардың құрамы. Мемлекеттік бағдарламаның мазмұнына қойылатын талаптар. Мемлекеттік бағдарламаның дамуының негізгі кезеңдері. Мемлекеттік бағдарламаны іске асыруды қаржылық қолдау. Шешім қабылдау процесі. Шешім қабылдау тұжырымдамасы. Бағдарламаларды жасау кезінде шешім қабылдау процесінде шешілген тапсырмалардың жіктелуі. Сараптамалық талдау әдістері жағдайды болжау және алдын-ала жоспарлау әдісі ретінде. Сандық әдістер: мақсатты бағдарламалық жоспарлау мен басқару процесінде қолдану бағыттары.

Тақырып 3: Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағдарламалары

Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағдарламасы Қазақстанның 2050 жылға дейінгі даму стратегиясындағы мақсаттарға жету мен белгіленген басымдықтарды іске асыруға бағытталған мемлекеттік саясаттың мақсаттарын, міндеттерін, нәтижелерін және негізгі бағыттары мен құралдарын анықтайтын құжат ретінде. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік бағдарламаларының тізімі мен мазмұны.

Тақырып 4: Мемлекеттік бағдарламаның іске асуын басқару.

Мемлекеттік бағдарламаны іске асыру шаралары мен мерзімдері. Мемлекеттік бағдарламаның негізгі параметрлерінің орындалуына әсер ететін іс-шараларды іске асыру мерзімдерін өзгерту. Мемлекеттік бағдарламаға түзетулер енгізу. Мемлекеттік бағдарламаны іске асыру үшін басқару жүйесіндегі мониторинг мен бақылаудың рөлі. Мемлекеттік бағдарламаның іске асырылу мониторингі: мақсаттары, объектілері, көздері, әдістері, субъектілері мен нәтижелері. Мемлекеттік бағдарлама мониторингінің объектілері: мемлекеттік бағдарлама көрсеткіштерінің (индикаторларының) мәндері; мемлекеттік бағдарламаның негізгі шараларын іске асыру барысы. Мемлекеттік бағдарламаны бақылау көздері: ресми статистикалық байқау деректері.

Тақырып 5: Мемлекеттік бағдарламалардың көрсеткіштері, мақсаттары, міндеттері.

Мемлекеттік бағдарламалардың жалпы функциялары. Мемлекеттік бағдарламалардың қалыптасуын құқықтық реттеу. Мемлекеттік бағдарламалардың елдің стратегиялық басқару жүйесіндегі орны. Мемлекеттік бағдарламалардың мақсаттары, міндеттері. Бағдарламаны басқарудың құрылымдық-функционалдық моделі.

Тақырып 6: Мемлекеттік бағдарламаның тиімділігін бағалау

Мемлекеттік бағдарламаны іске асыру тиімділігін бағалау әдістемесі. Мемлекеттік бағдарламалардың іске асырылуын бақылау нәтижелерін олардың тиімділігін бағалау кезінде пайдалану және мемлекеттік бағдарламаның

орындалу барысы туралы қорытындылар дайындау. Есепті жылдағы нақты нәтижелердің жоспарланған көрсеткіштерден ауытқуын анықтау және себептерді дәлелді негіздеу: есепті кезеңде қол жеткізілген көрсеткіштердің жоспарланған көрсеткіштерден ауытқуы, сонымен қатар жоспарланған мәндердегі осыған байланысты өзгерістер; есепті кезеңдегі жоспарланған көрсеткіштердің көп бөлігі үшін кейбір көрсеткіштердің басқаларын асыра орындаумен ұштастыра отырып немесе едәуір асыра орындауы. Мемлекеттік бағдарламалардың тиімділік түрлері. Мемлекеттік бағдарламалардың тиімділігінің көрсеткіштері.

Тақырып 7: Мемлекеттік басқару жүйесіндегі жобалық қызмет

Мемлекеттік секторға тән жобаларды басқарудың ерекшеліктері. Жобаларды басқарудың халықаралық стандарттары. Мемлекеттік органда жобаларды басқару жүйесін енгізу кезеңдері. Мемлекеттік органдарда жобаларды басқару принциптерін қолдану ерекшеліктері. Жобаларды басқару принциптерін іске асыру процесіндегі проблемалар және оларды жеңу жолдары.

III. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі (Мемлекеттік бағдарламалар мен жобаларды басқару)

Негізгі:

1. Добролюбова, Е.И. Методическое пособие по разработке (коррекции) и организации реализации государственных программ: учебно-методическое пособие. [Электронный ресурс] / Е.И. Добролюбова, В.Н. Южаков. – М.: Издательский дом «Дело» РАНХиГС, 2014. – 114 с.
2. Ершов С.В. Управление проектами и программами. Конспект лекций. – Архангельск: САФУ. 2015 – 226 с.
3. Отчетность по реализации государственных программ. <https://www.kdb.kz/reporting-on-implementation-of-programmes/>
4. Ехлаков, Ю.П. Управление программными проектами. Стандарты, модели: Учебное пособие / Ю.П. Ехлаков. - СПб.: Лань, 2019. - 244 с.
5. Соловьев, А.И. Государственная политика и управление: учебное пособие для вузов / под ред. А.И. Соловьева. –М.: Аспект Пресс, 2017. –480 с.
6. Быстряков А.Я. Финансовый менеджмент государственных программ [Электронный ресурс]: Учебное пособие, 2013. URL: <http://www.iprbookshop.ru/22228>
7. Государственное стратегическое управление: монография / под. общ. ред. проф. Ю.В. Кузнецова. СПб.: Питер, 2014. 320 с.
8. Хелдман, К. Профессиональное управление проектом: научное издание / К. Хелдман; пер. с англ. А. В. Шаврина. - 5-е изд. - М.: Бином. Лаборатория знаний, 2013.

Қосымша:

1. Тамбовцев В.Л. Теории государственного регулирования экономики. Учебное пособие. – М.: «Издательство «Проспект», 2016. – 158 с.

2. Соловьев А.И. Принятие и исполнение государственных решений: Учеб. пособие для студентов вузов. – М. : ЗАО Издательство «Аспект Пресс», 2015. – 496 с.

3. Практикум по методологии программно-целевого планирования: методические указания / сост. А.В. Карпушкина. – Челябинск: Издательский центр ЮУрГУ, 2017.–12 с

4. Стратегия "Казахстан-2050": новый политический курс состоявшегося государства. Послание Президента Республики Казахстан - Лидера Нации Н.А. Назарбаева народу Казахстана, г. Астана, 14 декабря 2012 года. <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K1200002050>

5. Шестопалов П.Л. Выгоды и возможности проектного управления в органах государственной власти. М., 2015. 26 с.